

«Балдәурен» МКҚК МДҰ

2025-2026 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысканы: 4

Күні: 22.10.2025 ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»

Тыңдалды:

«Балдәурен» МДҰ медбике Н.М.Мұхышева сөз алды:

Сәлеметсіздер ме! Бүгінгі консультациялық пункт отырысымызға қош келдіңіздер. Бүгін «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» деген тақырыпта әңгімелесу отырысы болады. Өткізудегі мақсатымыз балаларыңыздың денсаулығын сақтау мен нығайтудағы дұрыс тамақтанудың маңыздылығын түсіндіру, пайдалы және зиянды тағамдар туралы ақпарат беру, отбасында салаутты тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Балабақшада немесе үйде балалардың жас ерекшеліктеріне қарай сай тамақтану тәртібі тағам мөлшеріне сай тамақтану керек. Балалар үнемі күнделікті ас мәзірінде әртүрлі дәрумендерге толы, құнарлы тағамдарды жеп отыру керек. Сонымен қатар балалардың тәбетін арттырып, ас ішу мәдениетін қалыптастыруымыз керек. Пайдалы және зиянды тағам түрлерін балаларға осы кезден таныстырып, соның ішінен тек адам денсаулығына пайдалы тағамдардың қауіпті емес екенін үнемі айтып отырайық.

«Балдәурен» МДҰ –ның ата-анасы А.Ж.Мәмбетбергенова сөз алды:

Бүгінгі консультациялық пункт жоспары бойынша «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» деген тақырыпта жақсы әңгімелесу отырысы болып жатыр. Балабақша медбикесінің дұрыс тамақтану бойынша айтқан кеңестері түсінікті. Үйде балаларымыздың дұрыс тамақтануын, қоректі және пайдалы тағам түрлерін ғана пайдалануды алға қоятын боламыз. Балаларымыздың денсаулығына кері әсер ететін зиянды тағам түрлерін алмауға тырысамын.

«Балдәурен» МДҰ –ның ата-анасы Б.Досжанқызы сөз алды:

Бүгінгі әңгімелесу отырысы жақсы деңгейде өтті. Медбике маманының кеңестерімен таныстық. Сонымен қатар пайдалы және зиянды тағам түрлерін ажыратып, алда балаларымызға тек құнарлы, дәруменге бай жемістер, көкөністер, сүт тағамдарын пайдаланатын боламыз. Балаларымыздың денсаулығына жауапкершілікпен қарап, тек пайдалы тамақтану жағына назар аударайық дегім келеді.

«Балдәурен» МДҰ –ның ата-анасы С.Қ.Трубкулова сөз алды:

Балаларымыздың дұрыс тамақтануы денсаулықтың басты кепілі деп айта аламын. Сол үшін үнемі үйде ас мәзірі мен тамақтану тәртібін сақтап отырамыз. Үй жағдайында пайдалы тағам түрлерін қолдануға кеңес беремін, қолдан келгенше көшеден немесе жартылай дайын тағамдарды алмауға тырысайық.

«Балдәурен» МДҰ
басшы м.у.а:



Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:



М.Қ.Сағынбаева

